

2020-2021 оқу жылындағы Дөңгілағаш негізгі мектебінің тәрбие жұмысының талдауы

Тәрбие жұмысының мақсаты: Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 7 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 3 сынып, 5-9-сыныптарда 3 сынып, даярлық сыныбы - 1. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтитын бес семинар жоспарланды:

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау;
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу;
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі;
4. Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы;
5. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.

Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Оқушылар мен мұғалім, ата-аналар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы жүргізілді.

Мектептің, ата –аналардың және жергілікті қоғамдастықтың бірлескен қызметін жоспарлап, ата – аналар мен жергілікті қоғамдастықты оқу сапасын, баланың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында ата –аналарға қашықтықтан педагогикалық лекторий 1-4 сыныптар «Балауса» тобына бастауыш сыныптардың

мұғалімдері тарапынан «Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр», «Менің жанұям», «Байлықтың атасы еңбек» атты тақырыптарында лекциялар оқылды.

«Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында мектеп ата-аналары арасында жиналыс өткізіліп, жиналысқа барлық ата-ана қатысып, ата-аналар комитетінің төрағасы Касинов А.Ж. «Бала тәрбиесі жауапты іс», мектеп психологы «Жанұя –шағын ұжым» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің алдын алу мақсатында: «Мектептегі әлімжеттілік» тақырыбына 5-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, қорытындысы бойынша мектепте жоғарғы сынып оқушылары арасында күш көрсететін, бопсалауға бейім оқушылардың жоқ екендігі анықталды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өткізілді. 5-8 сыныптарда «Өмірдің қауіпті өткелдері және оны жолдары» атты сынып сағаттары өткізілді. 9-сыныптарда «Зорлықсыз әлемді бірге құрайық!» сынып сағаттары өткізілді.

«Ата Заңым – ардақтым» атты құқықтық білім беру айлығы өткізілді, 5-6 сыныптарда «Мен және менің құқығым», «Ата Заңым – ардақтым» «Ерлік-ел мұраты», атты тәрбие сағаттары өткізілді. 7,8, 9-сыныптарында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», «Жасөспірім және қылмыс», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыптарында лекциялар оқылып, талқыланды.

Мұғалімдердің, психологтардың, мектеп тәлімгері оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның, оқушылардың алаңдаушылық деңгейін айқындау бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды, мектепшілік есепте тұрған ерекше назардағы оқушылар жоқ, барлық оқушылар мектептің қоғамдық жұмыстарына қатыстырылып, үйірме, спорт секцияларына 100 пайыз тартылған.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында мектепшілік жиын, «Рәміздерім-мақтанышым», «Егемен елдің Рәміздері-Заңмен қорғалады», «Көк байрағы желбіреп, тәуелсіздіктің таңы атты», «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтанышы» әдеби-монтаж шаралары болса, «Отанымның көк Туы», «Елбасы таңдаған Гимн», «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында 2-5 сыныптар арасында танымдық сағаттары «Менің Отаным-Қазақстан», «Отаным-бақыт ордасы», «Қазақ елі- менің Отаным», «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары 6-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым», «Конституция сенің кепілің», «Заң баптарын білейік» атты тәрбие сағаттары 9-сыныптарында өткізілді.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысты, жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға қатысады, оқушыларды білім алу ынтасын арттыру мақсатында ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тартылды. Осыған орай мектепте «Ұлтқа ары, ұяты бар қыз керек» тақырыбымен семинар ұйымдастырылып, 9-

сынып қыздарымен мен аналарына, медбике Рахимова Ж.Е. шақырылып өз кеңестерімен бөлісті.

Мектепте 1-қазан қарттар күніне «Қарттарым аман саумысың!?» тақырыбында ауыл қарттары мен зейнеттегі ұстазға арнап қашықтықтан мерекелік концерт ұйымдастырылды. 9 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты мерекелік концерт қашықтықтан өткізілді.

Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында



1-4 сыныптарда «Адамгершілік дегенді қалай түсінесің?», 5-8 сыныптарда «Рухани бай адам ол қандай болмақ?», 9-сыныпта «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мектептің өзін өзі басқару жүйесі әзірленді және бірқатар жылдар бойы қызмет етіп келеді. Мектеп әкімшілігі мектептің өзін өзі басқару жұмысына қолдау көрсетеді. «ЖАС ҰЛАН» ұйымының басшылығымен

мектебімізде «Жігіт сұлтаны» байқауы қашықтықтан өткізілді, байқау нәтижесінде 7 сынып оқушысы Дүйсенбай Санжар бас жүлдені иеленді.

Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысып отырады, жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға, оқушылардың білім алу ынтасын арттыруға ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тартылады, мектеп Жарғысымен және ішкі тәртібімен белгілеген қағидаларды орындауға көмектеседі, мектепшілік іс-шараларды жоспарлау мен өткізуге және де ата-аналар жиналыстарына қатысады.

Отбасы тәрбиесінің міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

Осы бағыт бойынша мектепте көзделген төмендегі іс-шаралар іске асырылды. Жаңа оқу жылына жалпы ата-аналар жиналысында келісім-шартқа қол қойылды. Онда ата-аналардың, оқушылардың және мектептің міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі туралы жазылып, түсініктемелері берілді. Мектеп тәлімгері оқушыларды қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайлардан сақтандыру мақсатында «Жасөспірім және қылмыс», «Біз және Заң» атты кездесу сағаттары өткізіліп оқушыларды сұрақтарына жауап берді.

Ата – аналар оқу сапасын арттыру бойынша іс – шаралар өткізуге ат салысты, мысалы, бастауыштың 1 сынып оқушыларының қатысуымен мерекелік бағдарламалар қашықтықтан ұйымдастырылып бала мен ата-ананың байланысы нығайды. «Отбасы жарастығы», «Әдептен озбайық» тақырыбында мектеп кітапханасында ата-аналар және балалар арасында әңгіме сағаттары өтті.

«Әрқашанда біргеміз» тақырыбында оқушылар ата-аналарымен түскен суреттерінен буклет жасап, фотогалереясын өткізді. «Қызғалдақ» қыздар ұйымы «Қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз» тақырыбы аясында конференция,

ұлдарға «Мен қазақтың ұлымын» тақырыбымен байқау ұйымдастырылды. Нәтижесінде, ата-анаға деген сүйіспеншілік сезімдері, отбасы шежіресін біліп-үйренуге, бір-бірін сыйлауға құлшыныстары оянды.

Ата –аналар мектепішілік іс-шараларды өткізілуіне уақытша шектеу қойылғанына байланысты іс-шараларға қашықтықтан қатысып отырды. Ата-аналар жиналыстарына қатысып, балалардың оқудағы жетістіктері ата-аналар жиналыстарында талданды және талқыланды. Мектептің ата-аналар комитеті құрылып, ол іс-шаралар жоспарын құрастырғанда ұсынымдар береді, оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға қатысады; әкімшілікпен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен байланыс реттелді; оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға қатысты, мерзім сайын ата-аналар мен ұжымды демеушілік көмек туралы есептіліктен хабардар етіп отырды.

Ұлттық тәрбие. Қазақстан Республикасының 22-қыркүйек Тіл мерекесіне орай «Ана тілім – ар намысым, қазынам» атты онкүндіктің іс-шара жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пән мұғалімдері қашықтықтан сабақтар беріп, сабақтан тыс іс-шараларын өткізді

«Қазақстан Халық Ассамблеясы» тақырыптық көрме ұйымдастырылды. 1 наурыз Оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында өзін – өзі тану пәні мұғалімдері «Рахмет айту» күні мерекесіне орай сынып сағаттар өткізді, атап айтсақ, 3 сыныпта өзін –өзі тану пәні мұғалімі Калиева Г.Т. «Рахмет айтамын» атты әдеби – сазды сағатын өткізді.

5-8 сыныптарда «Халық даналығы – рухани байлық көзі», 9- сыныпта Ұлттық идеология дамуының маңызды бағыттары болып саналатын өнер құралдары арқылы эстетикалық сана – сезім, көркемдік ойлау қабілетін дамыту мақсатында «Ұлттық қолөнер туындылары – баға жетпес құндылықтарымыз» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. Жылда Наурыз мерекесі ауыл көлемінде тойланып өтеді. Оқушыларымыз ұлттық нақышта киініп, өз өнерлерін ортаға салады.

Көпмәдениетті және көрме-эстетикалық тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам-ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне-өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды. Қазақтың ұлы ақына Абай Құнанбаевтың туылғанына 175 жыл толуына орай ақынның жырын, өмірін жас ұрпаққа насихаттау мақсатында «Ұлт мақтанышы –Ұлы Абай» атты тақырыбында ақпан айында әдеби кеш қашықтықтан ұйымдастырылып өтті.

Кеште оқушылар ақындардың өлеңдері мен жырларын жатқа айтып, өмірлерінен көрініс көрсетті. «Жауқазын жыр жүректі жүр мазалап» жазба жырлар байқауы, «Мен өмірді сүйемін» шығарма байқауы, «Өзін-өзі тану мен дамыту

кажеттілігі» психологиялық тренингтер, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенім мен ынтымақтастық атмосферасын орнату мақсатында 5-8 сынып оқушылары арасында «Біз бәріміз біргеміз» сергіту ойыны ұйымдастырылды, 9-сынып оқушылар арасында «Менің құпия досым», «Ашығын айтар болсам.....» т.б. тренингтер арқылы оқушылардың психологиялық жағдайлары анықталып, жағымды көңіл-күй орнатылды.


Тұлғалық қасиеттерді анықтауға көмектесу, өзіне деген жауапкершілікті сезіне білуге баулу мақсатында мектеп кітапханашы тарапынан ұйымдастырылған «Олар неге қорғансыз жандарға айналды» сұхбаты жоғары деңгейде өтті.

Мектебімізде қаңтар айында өткізілген «Көмек қолын соз» акциясында көп балалы отбасы балаларына мектеп ұстаздары тарапынан мектепке керекті құрал-жабдықтар, киім –кешектер берілді. Оқушыларда өз жауапкершілігін сезіну мақсатында 9- сынып «Сен өзіңнің істегеніне жауаптысын» дөңгелек үстел, «Әдеп жолы әріден басталады» тәрбие сағаты өткізіліп , мектеп фойесінде «Сенім» жәшігі жұмыс істеп тұрды.

Нәтижесінде оқушы бойында өзіне-өзі сену,өзін көрсете білу, әдепті, кішіпейіл, адал т.б.жағымды қасиеттердің қалыптасуы нығая түсті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту, адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта еңбекке баулу мақсатында жеңіл тазарту жұмыстары жасалып тұрады.

Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытында міндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көзделген мақсатқа жетуді, шыдамдылықты қалыптастыру болып табылады. Мектепте оқушылар «Шебердің қолы ортақ» тақырыбында қол өнер байқауын, «Менің таңдаған мамандығым» сұрақ- жауап кешін, «Мамандығым мақтанышым» жездесу



сағатын өткізе отырып кітапханадағы ескі кітаптарды түптеп, беттерін түгендеу жұмыстарын, өз сынып бөлмелеріндегі мүлікке жауапкершілікпен қарап, «Бала тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан» тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды.

«Алғашқы экономикалық түсініктері» тақырыбы аясында 5-9 сынып оқушылары өздері орындаған жоба жұмыстары арқылы экономиканың тұстары туралы білімдерін көрсетті. Осы жұмыстар арқылы нәтижесінде алғашқы экономикалық түсініктері қалыптасып, еңбек ету құлшыныстары оянды. . Ынтасы жоғары балаларды, сұраныстары ерекше

балаларды, мәселелі оқушыларды уақтылы айқындау мақсатында пән мұғалімдері үнемі жұмыстар жүргізді. Ата-аналар комитеті мен әкімшілік, оқушылардың өзіндік басқару кеңесі, жергілікті қоғамдастық, құқық қорғау органдары арасындағы байланыс тығыз реттелген. Ата-аналар комитеті мектептің қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыруға қашықтықтан қатысып отырады.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін етіп 8 сынып оқушысы Мырзағали Темірлан сайланды. Оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологтары үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, «Жеке қабілет және әлеуметтік мүмкіндіктің ашылуы» тақырыбында 5-8 сыныптарды сынып сағаттары өткізілді. 9- сыныптар арасында « Ақпараттық мәдениет негіздері» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

5-9 сынып оқушылары «Сүйікті менің ісім» тақырыбында шығарма байқауы, «Мамандықтың бәрі жақсы...» 9-сыныпта әңгіме сағаты, «Кәсіп түбі нәсіп», «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында бастауыш сыныптармен танымдық сағаты өтті.

«Кім болам?» тақырыбы аясында 9 сынып оқушыларына қашықтықтан колледж мамандарымен кездесу сағаттарын ұйымдастыру, оқушылар түрлі сұрақтар қойып жауаптарын алуды жоспарлап отырмыз. Нәтижесінде оқушылар қазіргі заман талабындағы кәсіби мамандықтар туралы білімдерін кеңейтеді, жаңа мамандықтар туралы танысады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар жүйесі болды. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тура алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани аулық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген төмендегідей іс-шаралар өткізілді: «Денсаулық фестивалі-2020», «Дені сау ұрпақ-елдің болашағы», спорттық ойындар, «Туберкулез қасымызда-сақтан» жазба жұмыстары. Мектебіміздің спортшы оқушылары да әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып жүлделі орындар мен оралуда.

Мектеп ғимараты тиіптік емес, мектепте спорт зал кішкентай, ауа райына қарай мектеп ауласында дайындалады, сонымен қатар интерактивті тақтаның мүмкіндігін пайдаланып сабақтар жүргізіледі, ал қыс айларында қыстық эстафеталық ойындар мен қатар, таза ауада шаңғы тебу мен қатар сынып ішінде

шахмат, тоғызқұмалақ ойындары өткізіледі. Осыған қарамастан мектеп оқушылары аудандық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылды.

Педагогикалық – психологиялық қызмет жұмысы.

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты: Жеке тұлғаның дарындылық – шығармашылық мүмкіндіктерінің толықтай ашылуына көмектесу, олардың психикалық дамуындағы ауытқушылықты болдырмаудың жолдарын іздестіру, жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескеріп, жан-жақты терең зерттеу болып табылады.

Психологиялық қызметтің міндеті: Тиімді әдіс–тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың психологиялық саушылығына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қиыншылықтарды түзету. Оқушылардың қызығушылығымен танымдық әрекеттерін бейімділіктерін арттыру.

Психологиялық жұмыстың әдістері: Ақпараттық, аналитикалық, мотивациялық мақсатты жоспарлы болжау, ұйымдастыру, орындау, бағыттау, түзету, бақылау, диагностикалау.

Ұйымдастыру–психологиялық жұмыстың негізгі әдісі–оқушылардың өзара ынтымақтастығына әлеуметтік психологиялық жағдайлар, мектеп ұжымында жайлы атмосфера туғызу болып табылады. Осындай мақсат – міндеттерді орындау үшін №4 Қарғалы орта мектебінде төмендегідей психологиялық жұмыс әдістері жүргізілді.

I. Баланың мектепке даярлығын анықтау.

Мектепке алғаш келген даярлық топ оқушыларының танымдық процестерін, бірінші сыныпқа қабылданған оқушылардың даярлығын диагностикалық зерттеу әдістерін қолдана отыра анықталынды. Мақсаты: Мектеп өміріне адаптациялау, ұжыммен жұмыс істеуін бақылап, дағдылануына көмектесу, білім алу кезінде бала дамуына қолайлы жағдай жасау. Анықталған кемшіліктерді түзету жолдарын табу, дарынды балаларды анықтау. Диагностика баланың жеке даму қабілеттілігінің ерекшеліктерін білу және оның әлсіз тұстарын түзету үшін қажет.

Бақылау бойынша темпераменттерін анықтау, сабақтарына қатысу, сюжетті суреттерді көрсету арқылы әңгіме құрастыру, түстерді, фигураларды атау сияқты тапсырмалар орындалды. Мектебіміздегі даярлық тобы, бірінші сынып бар. Әр жүргізілген жұмыстарға жеке қорытындылар шығарылып, ата – аналар жиналыстарында ата – аналарға ұсыныстар мен кеңестер берілді. Тест нәтижелері оқушылардың алған балымен есептелінді. 0 - 6 оқушы, 1 сыныпта- 4 оқушы.

Қорытынды: даярлық сыныбы - пысық, алғыр. Бақылау темпераменттері сангвиниктегі тип, мұғалімдерінің темпераментімен сай келеді. Тіл дамулары жақсы, түстері жақсы ажырата алады, фигураларды жақсы таниды. Суретке қарап әңгіме құрап, мазмұндап бере алады. Бірақ, әліде ұжымдаспаған, еркеліктері басым.

1 - сынып оқушылары түрлі темпераменттегі оқушылар. Көбі флегматик типіндегі балалар. Сыныпта психологиялық адаптация жүріп жатыр. Қолдарының моторикасы

даярлықпен салыстырғанда орташа. Үлгермейтін оқушы жоқ. Суретке қарап әңгіме құрастыра алады.

Қорытынды: 1 - сынып тіл дамулары жақсы, тіл кемістігі бар бір оқушы бар. Таным процестері жақсы. Сынып ұйымшыл. Сыныптағы оқушылардың темпераменті бақылау бойынша флегматик, сангвиник. Мұғалімдерінің темпераментімен сай келеді. Зейіндері жақсы, ойлаулары жақсы. Үлгермейтін оқушы жоқ.

II. Орта буын оқушыларымен психологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысы:

Балада бастауыштан орта буынға өтуде психологиялық өзгерістер болады. Оқушылардың бастауыштан орта буынға өткен кезеңін бейімделуін анықтау мақсатында, оқушылардың жеке ерекшеліктері зерттеп, оларда кездесетін психологиялық сәтсіздіктерді жою жолдары қарастырылды. Топтағы тұлға аралық қарым-қатынастарды зерттеуде социометриялық әдіс қолданылды. Социометриялық әдіс арқылы топтағы лидер анықталды. Жүргізілген жұмыстар: Социометриялық сауалнама, Лусканов сауалнамасы, «Түймедақ» әдісі, Айзенк сауалнамасы т.б. диагностикалық жұмыстармен тренингтер жүргізілді. Жүргізілген жұмыстарды зерделеп, сабақтарына қатысуларында байқағанымыз 5 сыныпта шет қалған оқушы жоқ, сыйластық, достық, ішкі тәртіппен жауапкершілік, ұйымшылдық деңгейлері қалыпты. Сынып жетекшілерімен басқа да пән мұғалімдерімен қарым – қатынастары жақсы. Темпераменттері әр түрлі. «Түймедақ» әдісі арқылы пәнге қызығушылықтарын анықтағанда жоғары қызығушылықты көрсетті. Түсінуге қиындау деп айтқан пән мұғалімдерімен әңгімелестік кеңестер берілді.

Орта буын оқушыларымен «Карусель», «Ашығын айтар болсам...», «Өрмекшінің торы» т.б. тренинг жаттығулары ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасты нығайту, сыныпқа психологиялық жағымды әсер туғызу.

III. Суицидтің алдын – алу шаралары:

Бұл тақырыпта мектепте әр түрлі іс-шаралар атқарылды. Атап айтсақ, жүргізілген тренингтік жұмыстардың ролі зор болды. «Күлкіні қорғайық!», «Жағымды көңіл - күй», «Ашығын айтар болсам...» т.б. тренингтер арқылы оқушылардың психологиялық жағдайлары анықталып, жағымды көңіл-күй орнатылды. 8-9 сыныптардан Г. Айзенк «Психикалық күйдегі өзін-өзі бағалау» тесті алынды. Мақсаты: Жасөспірімдердің үрейлік, ызалық, сіреспелік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. 5-6 сынып оқушыларынан «Мен өмірді бағалаймын» атты тақырыпта шағын шығармалар алынды. «Сіз суицидке бейімсізбе?» графикалық тесті алынды. Басса – Дарки сауалнамасы арқылы оқушы бойындағы агрессияны анықтадық. Оқушыларға сауалнама нәтижесі айтылып, әр агрессия туралы түсініктеме берілді. Оқушыларға өз нәтижелері бойынша кеңестер берілді. 9- сынып аралығында К. Томастың «Сіз тез ренжисіз бе?» сауалнамасы алынды. Мақсаты сыныптағы агрессия түрін анықтау. Оқушылардың жинаған ұпайлары бойынша өз жауаптары айтылды.

9 сынып оқушыларымен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстары:

Сыныпқа сипаттама: 9 сыныпта 2 оқушы. Сынып жетекшісі – Бекешова А.С.

Сыныптағы психологиялық ахуал қалыпты. Сыныпта шектеліп қалған оқушы жоқ. Сынып жетекшілерімен басқа да пән мұғалімдерімен қарым – қатынастары жақсы. Сабақтан көп қалмайды. Жалпы үлгермейтін оқушы жоқ.

Зерттеу нәтижесі: 9 -сынып оқушылары өте шапшаң, қимыл-қозғалыстары жылдам . Өз ойын айта алмайтын тұйық оқушы жоқ. Өздерін бағалаулары жақсы. Себебі сыныпта сангвиник, холерик типіндегі оқушылар . Бұл типтегі оқушылар ұйымдастыруға, лидер болуға, өздерін жоғары бағалауға, тез көмекке келуге немесе өз бастарын ойлауға бейім келеді.

Ұсыныс: Мұғалімдерге: 9 сыныптың зейіндерін, қабылдауларын ескеру керек . Логикалық ойлауды арттыратын тапсырмалар беру.

Ата – аналарға: Балаларды қадағалау. Сабаққа көңіл бөлулерін бақылау жасап тұрулары ескертілді.

Қыркүйек айынан бастап 5- 9 сынып оқушыларымен психологиялық жұмыстар жүргізу мақсатында жоспар құрылды. Оқушылармен танысу мақсатында таныстық « Есімдер аллигориясы» тренингін өткіздік. Ең қажетті мамандық деп дәрігерлік, мұғалімдік, құрастырушы мамандықтарын айтса, мамандықтың барлық түрі де қажет деп санайтын оқушылар да болды. Жалпы психологиялық жұмыстар қорытындысы бойынша оқушыларға төмендегідей ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Қазірден бастап тестке дайындалу, болашақ мамандықтары жайлы қосалқы мағлұматтар қарастыру, дұрыс тамақтану, демалу, сабаққа үнемі қатысу, қажет жағдайда психологиялық кеңес алып тұру.

Адам – ғажап құбылыс, жеке дара. 9- сыныпта пікір-талас өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға этикалық, моральдық мінез-құлық ерекшеліктерін ажыратуға, бағалай білуге дағдыландыру, өзін және өзгені құрметтеуге баулу. Әр оқушы өз ойын ашық айта алды.

Ұжымдағы мұғалімдермен атқарылған жұмыстар: Мұғалімдермен сергіту мақсатында, өздеріне деген сенімділікті арттыру мақсатында «Мен ғажайыппын» атты психологиялық тренинг өткізілді. Бұл жерде мұғалімдер өздерін эмоционалды түрде бос ұстауды және кәсіби жанудың алдын алу мен топтасып жұмыс істеудің түрлерін дамытты. Әр мұғалім өздерін басқа қырынан таныта білді. Артынша сергіту жаттығуларын жасап отырылды. Жас мұғалімдер өз ойларын ортаға салып, тәжірибелі ұстаздардан үйренетіндерінің көп екенін айтты. Мұғалімдерге – семинар, викториналар, тренингтер, сергіту жаттығулар жүргізілді, сауалнамалар алынды, жәнеде жас мамандарға, мұғалімдерге кеңестер беріліп отырылды. Тәрбие беру бос ақыл айту емес, баланы жақсы көру және өзінің жақсы көргенін мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отыруға. Өзін баламен тең дәрежеде ұстау.

Ата – аналармен жұмыс: Бастауыш сынып және 9 – сынып оқушыларының ата – аналарымен әр жиналыс сайын қашықтықтан кездесулер өткізіліп тұрды. Бастауышта кездесетін қиындықтар, әсіресе еркелік туралы кеңестер берілсе, жоғарғы сынып ата – аналарына емтиханға дайындалу кезінде туындайтын кедергілер жайлы мағлұматтар беріліп, ата – аналардың ойлары тыңдалды.

Қорытынды: Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынандай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру

жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас бір тұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көз қарасы мен ұстаздың балаға деген көз қарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен байланыста болса жұмыс өз нәтижесін беретіні анық.

Тәрбие жұмысының анализі жалпы үш оқу жылына қойылған міндеттер шешіліп, мақсат орындалғанын көрсетеді. Барлық өткізілген шаралар қорытындылары туралы мектеп сайтынан, инстаграмнан, оқуға болады. Ата-аналар да, оқушылар да мектептегі білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне қанағаттанушылық танытады. Еліміздегі пандемиялық жағдайға байланысты санитарлық талаптар сақтала отырып, 2019-2020 оқу жылының соңғы тоқсаны мен 2020-2021 оқу жылының іс-шаралары 1 сынып 1 мұғалім қағидасын сақтай отырып және қашықтықтан өткізілді.

Тәрбие жұмысының күшті жақтары:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар караусыздығы мен бақылаусыздығы, қайыршылық пен қаңғыбастық бойынша жұмыстар.
2. Мұғалімдер мен ата-аналардың шағын ауданда рейдтер мен патрульді жүйелі түрде өткізуі.
3. Мектептен тыс ұйымдармен байланыс: музей, кітапхана, ауылдың мәдени ошағы, дәрігерлік бөлімшесі мен тығыс байланыс орнату.
4. Интернетте «жаңалықтар» бөліміндегі жұмыс, негізінен инстаграмда парақша жүргізу.
5. Мемлекеттік масштабтағы сияқты мектептік деңгейде де мерекелер өткізу.
6. Үйірмелер жұмысы.
7. Сынып жетекшілерінің атқарушылық тәртібі.

Тәрбие жұмысының әлсіз жақтары:

1. Өткізілетін сынып сағаттарының сапасы.
2. Ата-аналармен жұмыс.
3. Мектептік балалар ұйымы жұмысының сапасы.
4. Көпшілік, көрсеткіш шаралар жоспарында СӨС қалыптастыру бойынша жұмыс.
5. Балалардың түрлі деңгейдегі шараларға қатысуы.

2020-2021 оқу жылына келесі міндеттері жұмыс анализі негізінде қалыптастыруға болады:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- Сынып жетекшілерінің ӘБ жұмысын белсендердіру;
- 9-сыныптар оқушыларымен кәсіби бағдар және жұмысқа орналасу бойынша жеке ақпараттық-түсіндіру жұмысын лайықты деңгейде ұйымдастыру;
- мектептік психологиялық жұмысын белсендендіру;
- Мектептің дәстүрін сақтап, көбейту.

2019-2020 оқу жылындағы жұмыс қорытындысын жалпылай келе, 2019-2024 оқу жылы мектепті дамыту бағдарламасының басты бағыттары анықталды:

- Мектептің тәрбие жүйесін жаңаша құру;
- Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагог қызметінің жаңа жүйесін қалыптастыру;
- Мектептің функционалды сауаттылығын қалыптастыратын білім беру ортасын қалыптастыру (білім беру, денсаулық сақтау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу);
- Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру.